

ӘОЖ: 930.85

ОҢТҮСТІК ҚЫТАЙ ТЕҢІЗІНДЕГІ ШЕКАРА ДАҒДАРЫСЫ

Оразаева Алтынай Қайырбайқызы

orazayeva1@mail.ru

7M02209- «Шығыстану», 1-курс магистранті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.

Ғылыми жетекші: Кайыркен Турсынхан Закоулы

Азия-Тынық мұхиты аймағындағы тұрақсыздықтың негізгі ошақтарының бірі көптеген елдердің мүдделері соқтығысатын Оңтүстік Қытай теңізі болып табылады. Қазіргі таңда халықаралық деңгейдегі ең даулы аймақтарға Оңтүстік Қытай теңізінің Парасел аралдары және Спратли аралдары аймағын жатқызуға болады. Бұл ұзындығы шамамен 1000 км құрайтын оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа дейін созылып жатқан үлкен эллипсоидты аймақ болып табылады. Бұл жерлерде 100 аса кездесетін ұсақ аралдар, жартастар, рифтер, атолдар әр жерінде шашыраңқы орналасқан. Оңтүстік-Шығыс Азияда ең өткір мәселе Парасель аралдары және Спратли аралына қожалық ету мәселесі болып отыр. Бұл даулы мәселеге Қытай Халық Республикасы, Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің біраз бөлігі, Жопания, Америка Құрама Штаттары қатысып отырғандықтан бұл халықаралық деңгейдегі территориялық мәселеге айналды.

Парасель аралдарына, Спратли аралдарына қатысты даулар экономикалық аймақтардың шекараларының сәйкес келмеуі аймақтағы негізгі тұрақсыздандырушы факторлар болып саналады. Халықаралық құқықта бұл аралдарға тиесілі екендігі туралы тікелей нұсқаулар жоқ. Оңтүстік Қытай теңізінің тарихы Франция Оңтүстік-Шығыс Азияға экспансиясын жүргізіп, соның ішінде бірқатар елдерді отарлауы арқылы басталды. Вьетнам Демократиялық Республикасы тәуелсіздігін алғаннан соң, осы аралдарға 1945 жылдан бастап

құқықты түрде иелік етті. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары аталған аралдарды Жапония мемлекеті 1949 жылға дейін өз иелігінде ұстады. Жапония Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіліске ұшыраған кезде Сан-Францискодағы бейбітшілік шарты бойынша "Спратли аралы мен Парасель аралдарына қатысты барлық құқықтар мен талаптардан" бас тартуға мәжбүр болды. Оңтүстік Қытай теңізінің аралдары қай елдің заңды территориясы екендігі белгіленбей қалды десекте болады. Бұл аймақтың әр мемлекетіне Оңтүстік Қытай теңізінің аралдарына құқығын білдіруге негіз берді.

Оңтүстік Қытай теңізін талап етуші қазірде келесідей 7 мемлекеттер бар. Бұлар ХХ ғасырдың басынан бері бұл территорияға таласқан Қытай, Вьетнам, Тайвань, Филиппин, Малайзия, Индонезия және Бруней. Егер Парасель аралдарына иелік ету Қытай мен Вьетнам арасында болса, ал Спратли аралы үшін даулы қақтығыс Қытай, Вьетнам, Филиппин және Малайзия арасында болып отыр. Әрине мемлекеттердің бұл жерлерге деген талаптарының негізгі бірқатар факторларға байланысты болып отыр. [1,396]

Көптеген аумақтық даулар сияқты, Оңтүстік Қытай теңіздеріндегі аралдар үшін күрестің бірнеше себептері бар. Олар мемлекеттік бедел, стратегиялық мәселелер және экономикалық мүдделер. Стратегиялық тұрғыдан алғанда, аралдарға иелік ету Тынық мұхитынан Үнді мұхитына осы аймақ арқылы өтетін, әлемдік теңіз сауда ағындарының үштен біріне дейін өтетін кеме жолдарын бақылауға мүмкіндік береді. Экономикалық тұрғыдан алғанда, соңғы жылдары аймақ мемлекеттерінің назарын қайраңдағы мұнай мен табиғи газдың қорлары және Оңтүстік Қытай теңізінің бай биологиялық ресурстары тартты.

- Орналасуы мен сауда тәсілдері. Оңтүстік Қытай теңізі — бұл Үнді мұхитынан Тынық мұхитына дейінгі ең қысқа бағыт болғандықтан теңіз бағыттарының маңызды жолдарының бірі етеді. Солтүстік-Шығыс Азия порттары мен Американың батыс жағалауларын Оңтүстік Шығыс Азия, Африка, Таяу Шығыс және Оңтүстік Еуропа порттарымен байланыстыратын ең қолайлы әлемдік бағыттардың бірі. Сауда саттық кезінде маңызды тасымалдау бағыттары Оңтүстік Қытай теңізі арқылы өтеді, ол арқылы энергия Таяу Шығыстан Америка Құрама Штаттары мен Азия-Тынық мұхитына экспортталады. Осы аймақ арқылы тауар айналымы 5,3 трлн долларды құрайды (әлемдік сауданың 25%).
- Мұнай және газ қоры. Оңтүстік Қытай теңізі аралдарында ең ірі мұнай және табиғи газ кен орындарының немесе олардың аумағының болуына байланысты. Сондай-ақ аралдарда фосфат кен орындары бар (гуано-ыдыраған теңіз түбіндегі экстрема). Алдын ала есеп бойынша, 30 миллиард тоннаға дейін мұнай мен 15 триллион текше метр газ болуы мүмкін. АҚШ Геологиялық қызметі (USGS) әлемдегі зерттелмеген газ және мұнай ресурстарының бағалауы бойынша, Оңтүстік Қытай теңізінде шамамен 2,5 миллион баррель мұнай шоғырланған.
- Әскери қолдану. Даулы жер учаскелерін бақылау олардың иелеріне аймақтық жанжал туындаған кезде артықшылық береді.
- Балық аулау. Парасель және Спратли аралдары және де қасында іргелесіп жатқан көптеген көлдерінде көп мөлшерде балық аулауға мүмкіндік береді. Әлемдік балық және теңіз өнімдерінің шамамен 8% -ы Оңтүстік Қытай теңізінде жатыр.

Қытай ежелгі дәуірден келе жатқан теңіз дәстүрлері мен мыңдаған жылдар бойы теңізде жүзу тәжірибесі бар ел. Қытайдың теңіз саясаты Қытайдың сыртқы саясатының ажырамас бөлігі болды. Сыртқы теңіз стратегиясында Қытайдың географиялық тұрғыдан үш бағыт бар. Олар: Шығыс Қытай теңізі, Оңтүстік Қытай теңізі және Үнді мұхиты. Қытай осы үш бағыттың геосаяси құндылықтарын ескере отырып, әлемдік нарықтарға ресурстар мен энергиямен жабдықтауға арналған каналдарға кіруді қамтамасыз ету үшін осы бағыттарды дамыту барысында. Қытайда Тайваньды қоспағанда 700 – ден астам порттар бар болса, солардың ішіндегі 70 – тен астамы теңіз порттары. Барлық дерлік Қытай порттары жыл бойы

тасымалдауға ашық табиғи порттар болып табылады. КХДР, Оңтүстік Корея, Жапония, Вьетнам, Филиппин, Малайзия, Бруней және Индонезия сияқты сегіз мемлекеттің Қытаймен ортақ теңіз шекарасы бар. Оңтүстік Қытай теңізінен жыл сайын шамамен 40 мың кеме өтіп, Шығыс Азияны көмірсутек импортының 80% қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Қытайға жеткізілетін барлық мұнайдың 75% құрайтын теңіз мұнайының импорты болып табылады. Қытай еліне импортталатын мұнайдың 75% -дан астамы Таяу Шығыстан яғни, Сауд Арабиясы, Оман, Иран, Ирак елдерінен және Африка (Ангола) келеді. Қытайға Катар, Индонезия, Малайзия және Австралия елдерінен келіп түсетін барлық сұйытылған табиғи газ жеткізілімдері тағыда осы Оңтүстік Қытай теңізі арқылы өтеді.

Қытай Халық Республикасы 1982 жылы БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы Конвенциясына қол қойып, оның аумақтық теңізінен тыс юрисдикцияны тарататын бірқатар заңдар қабылдады. 1994 жылы 1982 жылғы Конвенция күшіне енді. Ал 1996 жылы ҚХР теңіз заңнамасына тиісті өзгерістер енгізе отырып, оны ратификациялады. 1998 жылы Қытай ерекше экономикалық аймақ және континенттік қайраң туралы Заң қабылдады. Бірқатар заңдардың қабылдануы Қытайға 1982 жылғы Конвенцияның ережелеріне сәйкес оның жағалауына жақын орналасқан теңіз кеңістігінің тиісті құқықтық режимін орнатуға мүмкіндік берді. Бұл заңдар теңіздегі ғылыми зерттеулер жүргізуде, сондай-ақ теңіз ортасы мен оның ресурстарын қорғауда маңызды рөл атқарады. [2,376]

Біріккен Ұлттар Ұйымының 1982 жылғы теңіз құқығы жөніндегі Конвенциясы теңіздер мен мұхиттарды пайдалануға, ресурстар мен теңіз ортасын сақтауды және әділ пайдалануды қамтамасыз етуге, сондай-ақ теңіздің тірі ресурстарын қорғауды және сақтауды қамтамасыз етуге арналған нормативтік базаны көздейтін халықаралық шарт болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1982 жылғы теңіз құқығы жөніндегі Конвенциясы 1994 жылғы 16 қарашада күшіне енді. Конвенция сонымен қатар егемендік, теңіз аймақтарында пайдалану құқығы және кеме қатынасы құқығы сияқты басқа да мәселелерді реттейді. 2014 жылғы 10 қаңтарда Конвенцияны 166 мемлекет құқықтық мирасқорлық тәртібімен ратификациялады. Конвенцияның 287 - бабына сәйкес Конвенцияға қол қою, ратификациялау немесе қосылу кезінде мемлекет осындай дауларды шешу үшін келесідей заңды органдарға қарала алады.

Конвенция мемлекеттік аумақтың құрамына кіретін Теңіз кеңістіктерінің ішкі теңіз сулары, аумақтық теңіз, архипелагтық сулар және функционалдық юрисдикция аймақтарын құрайтын кеңістіктердің (іргелес аймақ, айрықша экономикалық аймақ, континенттік қайраң) құқықтық режимі мен шектерін айқындайтын нормалар мен қағидаттарды қамтиды. Оның негізгі ережелері аумақтық су аймағының шегі-12 теңіз милі және жағалаудағы мемлекеттердің 200 теңіз миліне дейінгі ерекше экономикалық аймақтың ресурстарына және осы аймақтан тыс континенттік қайраң ресурстарына егемендік құқығы.

2015 жылғы 31 мамырда органның тұрақты өкілдіктерінде келесі 23 мемлекет және Еуропалық одақ кірді. Олар: Аргентина, Антигуа және Барбуда, Бангладеш, Бельгия, Бразилия, Габон, Германия, Испания, Италия, Камерун, Қытай, Куба, Мексика, Нигерия, Панама, Корея Республикасы, Сент-Китс және Невис, Тринидад және Тобаго, Франция, Чили, Оңтүстік Африка Республикасы, Ямайка және Жапония мемлекеттері.

2009 жылғы 7 мамырда Қытай Халық Республикасы Оңтүстік Қытай теңізіндегі аумақтық талаптары шекарасын "Тоғыз нүктелі сызық" түрінде шағымын жариялады. 1947 жылғы құжаттарды негізгі дәлел ретінде қолдана отырып, Оңтүстік Қытай теңізінің бүкіл аумағына өзінің тарихи құқықтарын мәлімдейді. Бұл сызық Оңтүстік Қытай теңізінің бүкіл аймағының шамамен 80%-ын, соның ішінде Скарборо рифі мен Спратли аралын қамтиды. Тоғыз нүктелі сызық немесе U-сызығы Вьетнам мен Тайваньның талаптары бар Парасель аралдары, Филиппин, Қытай, Бруней, Малайзия, Тайвань және Вьетнам және басқалары дауласқан Спратли аралдарын қамтиды. Бұл сызық Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізіндегі

материктік Қытай мен Хайнань аралынан Малайзия мен Бруней жағалауына дейінгі экваторға жақын орналасқан сулардағы Қытай мүдделерінің аймағын анықтайды.

Қытай Халық Республикасы Спратли аймағының сегіз тоғыз шақты аралдарын бақылайды. Оларды 2014 жылдан бастап құрылысты бастап, жасанды қорғандармен және арнайы құрылғылармен жандандыруда. Осы жылы Қытай Нанша архипелагының аралдарына (Спратли) өзінің құқықтары және оларға жақын жерде мұнай өндіру жоспарлары туралы ресми түрде мәлімдеді. Содан кейін қытайлар жеке жартастар мен маржан рифтерін дамыған заманауи инфрақұрылымы бар аралдарға, кеме айлақтарына, аэродромдарға және басқа да нысандарға айналдырды. ҚХР кеме қатынасы бағыттарының теңіз және әуе патрульдерін біртіндеп күшейтіп, Әскери теңіз күштері оқу-жаттығуларының саны мен қарқындылығын арттырды. 2015 жылдың мамырында ҚХР жаңа әскери стратегияны қабылдады.

Оған сәйкес қытай әскери-теңіз күштері тек жағалаудағы аумақтарды қорғаудан ашық теңізде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көшуі. Флоттың жұмыс аймағын кеңейте отырып, Қытай қауіп төнген жағдайда жауға алдын-ала жергілікті шабуыл жасау мүмкіндігі туралы мәлімдеді. Шетелдік дереккөздердің мәліметтері бойынша, Қытай Оңтүстік Қытай теңізінде шамамен он шақты алдыңғы қатарлы базалар құрды. Онда әртүрлі қару-жарақ жүйелері, соның ішінде әуе шабуылына қарсы қорғаныс құралдары, радиоэлектрондық күрес, зымыран қарулары орнатылған. Аралдар ұшу-қону жолақтарымен жабдықталған. Осы теңіз аймағында үстемдікке ие болу үшін, сонымен қатар Солтүстік Африка, Таяу және Орта Шығыс елдерінен көмірсутектердің қауіпсіздігі мен үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз ету үшін қытай әскери кемелер құру бағдарламасын құруда. [3,265-3076]

2014 жылдың жазынан бастап Қытай Спратли аралдары аймағында Отты крест рифінде жұмыстар бастаған. Вашингтондағы Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының (CSIS) және Asia Maritime Transparency Initiative жобасының сарапшыларының пікірінше, Спратли аралдары аймағында Отты крест рифінде H-6 типті стратегиялық бомбалаушыларды қабылдауға қабілетті аэродром салынууда. Гейвен рифі Спратли архипелагының солтүстік жағында орналасқан.

Жер қазу жұмыстарының арқасында 2014 жылдың наурыз айынан бастап мұнда 115 мың шаршы метрден астам жаңа жер пайда болды. Халықаралық құқық мамандары мұны қытайдың де-факто аймағында нығаю әрекеті деп санайды. Алайда, заңды тұрғыдан алғанда, жасанды аралдар аумақтық шағымдар үшін негіз бола алмайды. 2014 жылғы спутниктік суреттер бойынша Гейвен рифіндегі құрылыс тез алға жылжуда, жарты жылдың ішінде жаңа жасанды арал пайда болғанын байқауға болады.

Жасанды аралдарды салу бойынша қытайлық мамандар мұндай нысандарды салудың стандартты схемасын жасаған сияқты. Мұның дәлелі ретінде Гейвен мен Хьюз рифтеріндегі жұмыстардың нәтижелері арасындағы ұқсастықты көруге болады. Қытай қолданып отырған теңіз түбінен жасанды аралдың кеңейетін үлкен жүзбелі жер қазу платформасы су бетіне топырақ құйып, тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істей алады екен.

2015 жылы Sinopec (China Petroleum & Chemical Corporation) қытайлық интеграцияланған энергетикалық және химиялық компаниясы мұнай мен газға бай Парасель аралдарында инфрақұрылымдық жұмыстарды бастады. Юнсин аралының аумағын ұлғайтуға мүмкіндік беретіндей көп мөлшерде құм төселді. Жанар-жағар май қоймаларының құрылысы басталды. Қытай Парасель аралдарының қайраңында құрылыс жұмыстарын ғана емес, бұрғылау жұмыстарын да жүргізеді. Соңғы жылдары Қытай жеті жартас пен архипелагтың биіктіктерінен төмен түсетін жерлерін толыққанды жасанды аралдарға айналдырды. Оларға күрделі әскери базалар салынды. Атап айтқанда, Мисчиф, Суби және Фаери Кросс рифтері (қытай тіліндегі Мэйцзи, Чуби және Юншу) ең үлкен өзгерістерге ұшырады. Қытай жер снарядтары рифтердің түбінен құмды көтеріп, содан кейін ол жер бетондалып, тікұшақ алаңдары, ұшу-қону жолақтары мен жаяу әскерге арналған казармалар салынды. [4,61-656]

Филиппин мен Қытай арасындағы аумақтық дау Филиппин мен Қытай арасындағы қайшылықтары Скарборо рифі және Рид таязы екі географиялық нүктелерінде айқын көрінеді. Үшбұрышты пішінді Скарборо рифінің, су үстінде көтерілген кішкентай жер учаскелері ауданы 150 шаршы метр. км құрайды. Филиппиндер, олардың ең жақын шығысқа қарай 220 км қашықтықта орналасқан рифке өз құқықтарын мәлімдейді. БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы Конвенциясына (UNCLOS) сәйкес, Филиппин жағалауынан 85 миль қашықтықта орналасқан таяз Рид осы елдің ерекше экономикалық аймағына кіреді. Осы құжатқа сәйкес мемлекет айрықша экономикалық аймақ шегінде барлық ресурстарды игеруге құқылы. Ауданы шамамен 9 мың шаршы км болатын таяз жотаның 45 м дейін таяз тереңдігі бар. 1970 жылдары бұл аймақта мұнай мен газдың үлкен қоры табылған. 2011 жылы Филиппин тарапы екі ұнғыманы өнеркәсіптік бұрғылауға келісімшарт жасады.

Алайда, сонымен бірге, Пекин "тоғыз нүктелі сызыққа" сүйене отырып және осы теңіз аймағын өзінің меншігі деп санап, бұрғылау құқығын CNOOC компаниясына берді. Скарборо рифінің айналасындағы жағдай 2012 жылдың аяғында, қытай тарапының патрульдік қайықтары Филиппин билігіне рифте Қытай балықшыларын тұтқындауға мүмкіндік бермеген кезде күшейе түсті. 2013 жылдың қаңтарында Филиппин Оңтүстік Қытай теңізіндегі аумақтық дау төңірегіндегі кейбір мәселелерді шешу үшін халықаралық арбитражға біржақты жүгінді.

2016 жылдың 12 шілдесінде Гаагадағы тұрақты арбитраждық сот Филиппин үкіметінің шағымына жауап ретінде БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы конвенциясы бойынша үш жылдық арбитраждан кейін 500 беттік шешім шығарды. Шешім бойынша Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізіндегі басты даулы аумақтарына тарихи құқығы жоқ және осы аймақтарға қатысты барлық аумақтық талаптары негізсіз деген шешімін жариялады. Қытайдан 1 мың км қашықтықта орналасқан Филиппин мен Малайзия жағалауындағы Спратли архипелагының аумағында Қытайдың жасанды аралдар салуы да заңсыз деп танылды. Гаагадағы төрелік сот 12 шілдеде Маниланы және онымен бірге Пекиннің басқа үш қарсыласын аумақтық даулар бойынша қолдау танытып, Филиппиннің Қытайға қарсы ісі бойынша өте қатаң үкім шығарды.

Гаага сотының басты үкімі бойынша ҚХР Оңтүстік Қытай теңізінде өзінің талаптарын білдіретін "тоғыз нүктелі сызық" үшін заңды негізі жоқ деп шешім шығарды. Төрелік жасанды құрылыстар салуы арқылы, Филиппиннің ерекше экономикалық аймағында балық аулау мен мұнай-газ кәсіпшілігін шектеу арқылы, маржан рифтері мен теңіз тіршілігінің жойылып бара жатқан түрлеріне түзетілмейтін зиян келтіріп, теңіз тасбақалары мен алып крабтарды заңсыз аулау арқылы, құрылыстар жүргізіп қоршаған ортаға залал тигізіп Қытай 1982 жылы қабылданған Қытай теңіз құқығы туралы Конвенцияны бұзды деп таныды. [3,265-3076]

Қытайдың Оңтүстік Қытай теңізіндегі іс-әрекеттерінің басым көпшілігі халықаралық құқықты бұзу деп танылды. Көптеген талдаушылар атап өткендей, заң тұрғысынан Филиппиндер жеңіске жетті. Бірақ заңды жеңіс ешбір жағдайда нақты жеңісті білдірмейді. Осы мағынада төрелік шешім ешқандай заңды салдарға әкеп соқпады деп санауға болады. Өйткені ресми түрде жеңілген Қытай тарапы соттың кез-келген шешімін заңсыз және жарамсыз деп жариялады. Сот қандай шешім шығарса да орындауға ниетті емес екендіктерін алдын ала ескертті. БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы конвенцияға сәйкес соттың шешімі түпкілікті болып табылады және басқа халықаралық органдарға шағымдануға жіберілмейді. Осы жағдайға байланысты БҰҰ Қытайға қарсы санкцияларды қабылдай алмайды. Себебі ол Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі болып табылады. Ал жекелеген елдердің санкцияларына келетін болсақ, Батыстың оған санкциялар салуы үшін Қытай экономикалық және саяси жағынан тым күшті мемлекет болып отыр.

Іс жүзінде соттың үкім шыққанға дейін 41 мемлекет алдағы сот үкімін заңды күшке ие деп санаса, ал 31 мемлекет арбитражды заңсыз деп санайды. Бұл мәселе бойынша

121 мемлекет өз ұстанымдарын білдірмеді. 2016 жылдың 12 шілдесінен кейін АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия, Вьетнам, Филиппин сияқты 7 мемлекет соттың қорытындыларын орындауға шақырды. Барлық дерлік Еуропа елдері, сонымен қатар Үндістан, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері және Оңтүстік Корея сияқты 33 ел сот үкіміне оң реакция білдірді, бірақ оны заңды күшіне енуі туралы ресми түрде талап етпеді. Қытай, Судан, Черногория, Пәкістан, Вануату, Ресей сияқты 6 мемлекет аталған шешімдерге қарсы болды. Ал басқа 147 мемлекет бейтарап позицияны ұстанды десекте болады немесе бұл мәселе бойынша ресми пікір білдірмеді. [5,1186]

Теңіз конвенциясы бойынша елдің жағалау сызығымен құрылған 200 мильдік эксклюзивті экономикалық аймақ шегінде ғана жасанды аралдар құруға рұқсат етіледі. Қытай бұл жасанды аралдарды өзінің ғана емес, филиппиндік балықшыларды қуып жіберіп сыртқы экономикалық аймақта салғаны нәтижесінде Филиппин елінің арбитражға талап қоюға себеп болды. Құжатта Қытайдың жағалау күзеті кемелері заңсыз түрде Филиппин кемелерін қуған кезде соқтығысу қаупін тудырды делінген. Талап арыз берілген кезден бастап Қытай арбитражға қатысудан бас тартты. Бірақ 2014 жылдың желтоқсанында Қытай ол өзінің позициясын жариялады. Қытайдың пікірінше, оның Спратли, Парацель және Пратас архипелагтары аралдарына қатысты егемендігі даусыз және оны қытай теңізшілерінің екі мың жылдық даму тарихымен растайды. Сот өз мандатына сәйкес егемендік мәселелерін шешуге немесе мемлекеттер арасындағы шекараны анықтауға құқылы емес. Сонымен қатар, Қытай билігі атап өткендей, Филиппиндер 2013 жылы Гаага сотына жүгініп, 2002 жылы Оңтүстік Қытай теңізіндегі талаптар мінез-құлық декларациясының ережелерін бұзды деп санайды. Бұл декларация бойынша барлық дауларды экстремалды қатынастарсыз шешу туралы айтылған.

Қытай мен Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы (АСЕАН) арасында жасалған екі келісім Қытай тұрғысынан қолайлы заңды негіз болып табылады. Бұл Оңтүстік Қытай теңізіндегі тараптардың мінез-құлқы туралы Декларация (2002) және АСЕАН мен Қытай арасында жасалған Оңтүстік-Шығыс Азиядағы достық пен ынтымақтастық туралы келісім(1976).

XX ғасырдың 70-ші жылдарында Оңтүстік Қытай теңізінде бай табиғи ресурстар табылды. Қытай тарапы осыдан кейін Филиппин және кейбір көршілес елдер Қытайдың жекелеген аралдары мен наншацюньдао (Спратли) архипелагының рифтерін заңсыз басып алып, аумақтық дау тудырды. Сондай-ақ, 1898 жылғы АҚШ пен Испания арасындағы Париж бейбітшілік келісінде, 1900 жылғы АҚШ пен Испания арасындағы Вашингтон Келісінде және 1930 жылғы Ұлыбритания мен АҚШ арасындағы келісім-шартта Филиппин аумағының батыс шекаралары іс жүзінде шығыс бойлықтың 118 меридианы екендігі айқын көрсетілген. Бірақ Филиппин талап ететін барлық аралдар мен рифтер бұл аумаққа кірмейді. Қытай үкіметі Филиппиннің Оңтүстік Қытай теңізіндегі аралдар мен рифтерге деген талаптары негізсіз және шындыққа жанаспайтыны анық деп есептейді. Қытай тарапы Оңтүстік Қытай теңізінде кеме қатынасы еркіндігінде ешқандай проблема жоқ деп есептейді. Қытай мен шет мемлекеттер арасындағы 39 теңіз маршрутының ішінде 21 маршрут Оңтүстік Қытай теңізі арқылы өтеді. Қытайдың сыртқы сауда айналымының 60%-ы осы су айдыны арқылы өтеді. Сондықтан Қытай өзін Оңтүстік Қытай теңізіндегі кеме қатынасы еркіндігі мен ыңғайлылығына ең құзыретті және мүдделі ел ретінде санайды. [6,626]

Қорытындылай келе Қытай халқы осы аймақтардың көп бөлігінің жалғыз иесі болғандықтан өз ережелерін орнатуға мүмкіндік береді. Соттың шешіміне қарамастан, Қытай қазір жасанды аралдар құрып, оларды белсенді түрде әскерилендіруде. Егер БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы конвенциясына (UNCLOS) қол қойған мемлекеттер Қытайды осы Конвенциямен реттелетін ұйымдардың мүшелері пайдаланатын барлық артықшылықтардан айыруды талап етуі Қытай тарапының бір бітімге келуіне негіз болуы мүмкін. Атап айтсақ, БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі халықаралық трибуналы, теңіз түбі жөніндегі халықаралық

орган немесе құрлықтық қайраң шекаралары жөніндегі комиссия. Мысалы, Қытайға өз судьясын Гамбургтегі теңіз құқығы жөніндегі халықаралық трибуналдан алып тастау туралы талап қойылуы мүмкін немесе ҚХР-ның континенттік қайраң шекаралары жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуы туралы келіссөздер тоқтатылуы мүмкін. БҰҰ-ның теңіз құқығы туралы конвенциясына қол қойған мемлекеттер арыз шағымдары, талаптары Қытай үкіметін даулы аймақтарға байланысты жеңілдіктер жасауына алып келетіні анық. Қытай Оңтүстік Қытай теңізіне қатысты қандайда болмасын жеңілдік жасаудан бас тартып отыр. Тараптардың аймақтық мәселеге жеңілдіксіз қарауының әсерінен Оңтүстік Қытай теңізі мәселесі қашан шешілетіні белгісіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Grafov D.B., The Impact of South China Sea Territorial Dispute on U.S. – Chinese Relations // USA & Canada Journal, Moscow 2018. - 39p.
2. Global International Waters Assessment South China Sea, GIWA Regional assessment 54 // University of Kalmar on behalf of United Nations Environment Programme, 2005, 37p.
3. Sreenivasa Rao Pemmaraju The South China Sea Arbitration (The Philippines v. China): Assessment of the Award on Jurisdiction and Admissibility // *Chinese Journal of International Law*, 2016. 265–307c.
4. VASILIEV D.V. SHAVLAY E.P. SOUTH CHINA SEA IN CONFRONTATION BETWEEN CHINA AND THE UNITED STATES IN ASIA // Department of Oriental Studies, MGIMO-University, 2020. 61-65p.
5. Мосяков Д.В., Политика Китая в Юго-Восточной Азии: от прошлого к настоящему // Институт востоковедения РАН, - М.: 2012. – 118 с.
6. Нархова Е.И., ВЛИЯНИЕ ТЕРРИТОРИАЛЬНЫХ СПОРОВ В ЮЖНОКИТАЙСКОМ МОРЕ НА ВЬЕТНАМО-КИТАЙСКИЕ ОТНОШЕНИЯ // Московский государственный институт международных отношений, 2019. - 62с.